

**Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Пресноредуть ауылдық округі
Ястребинка ауылы Озерный көшесі аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу
туралы**

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Пресноредуть ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 14 наурыздағы № 3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 наурызда № 5270 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Пресноредуть ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 25 қыркүйектегі № 6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Пресноредуть ауылдық округі әкімінің 25.09.2019 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылдың 11 қаңтарындағы №11-13\2 ұсынысы негізінде Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Пресноредуть ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Пресноредуть ауылдық округі Ястребинка ауылы Озерный көшесі аумағына ірі мүйізді малдың бруцеллез ауруының туындауына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

Б.Қайыров